

Индер ауданы Елтай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 68-VIII шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабы 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде № 32894 болып тіркелген) сәйкес, Индер аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес Индер ауданы Елтай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің қағидалары бекітілсін.
2. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес Индер ауданы Елтай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Елтай, Аққала ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Индер аудандық
мәслихат төрағасы

A. Рамазанов

Индер аудандық
мәслихатының 2023 жылғы
26 желтоқсандағы № 68-VIII
шешіміне 1 қосымша

Индер ауданы Елтай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Индер ауданы Елтай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 бабы 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет

Министрлігінде № 32894 болып тіркелген) сәйкес өзірленді және Елтай ауылдық округінің ауылдық округ тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны- ауылдық округтің тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы;

2) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы.

2 тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы участеклерге (ауылдар, көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Елтай ауылдық округінің әкімі жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын шақырады және өткізууді үйимдастырады.

Көше шегінде көппәтерлі үйлер болған кезде көппәтерлі үйдің бөлек жиындары жүргізілмейді.

6. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жергілікті қоғамдастықтың халқын Елтай ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен өткізілетін күнгө дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді.

7. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ашудың алдында тиісті участекден қатысып отырған тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Кәмелетке толмағандардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдардың жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуына жол берілмейді.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы участекде тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Елтай ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Елтай ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынның төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

9. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын аудандық мәслихат бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының қатысушылары ұсынады.

10. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Егер жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында дауыс беру кезінде қатысушылардың дауыстары тең бөлінген жағдайда, бөлек жиынның төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

11. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды және бөлек жиын өткізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жиын хатшысы тіркеу үшін тиісті Елтай ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

Жергілікті қоғамдастық жиынында немесе жергілікті қоғамдастық жиналышында хаттама жүргізіледі, онда:

1) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналышының өткізілген күні мен орны;

2) тиісті аумақта тұратын және жергілікті қоғамдастық жиынына немесе жергілікті қоғамдастық жиналышына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны;

3) қатысушылардың саны және олардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген тізім;

4) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналышының төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

5) күн тәртібі, сөйленген сөздердің мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Индер аудандық
мәслихатының 2023 жылғы
26 желтоқсандағы № 68-VIII
шешіміне 2 қосымша

**Индер ауданы Елтай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін
Елтай, Аққала ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

№	Елді мекеннің және көшелердің атауы	Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерінің саны (адам)
1.	Д.Базарбаев, С.Саптаяқов, М.Енбаева, М.Өтемісұлы көшелері	1

2.	М.Сиранов, М.Қабиұлы, Х.Қауашева көшелері	1
3.	Женіс, М.Мөңкеұлы көшелері	1
4.	И.Тайманұлы, С.Датұлы, М.Шарипов көшелері	1
5.	Ж.Уалиева, Қазақстан, С.Досмағанбетов көшелері	1
6.	С.Құсанов, Қ.Менетаев, Б.Дауылұлы, Ү.Тасқарин, Қ.Мұхамедияров көшелері	1
7.	Мұнайлы көшесі	1
8.	Қ.Ескалиев, Т.Жылышов, Қ.Жұмалиев көшелері	1
9.	Ж.Сағындықов, Е.Құсанов, И.Махорин көшелері	1
10.	О.Құспанғалиев, Н.Құлбаев, Б.Нұриев, Ә.Қабдешова көшелері	1
Барлығы:		10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК